

**Махамбет ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 352 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 желтоқсанда № 3728 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы № 98 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 20.03.2024 № 98 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Атырау облысы Махамбет аудандық әкімдігінің 06.09.2017 № 295 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабын, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 13898 болып тіркелген) бұйрығы негізінде, Махамбет аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдардағы қызметкерлердің тізімдік санының бір пайызы мөлшерінде Махамбет ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарынан квота белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы Махамбет аудандық әкімдігінің 06.09.2017 № 295 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Сейткалиевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Құттұмұрат-ұлы*